



БҰЙРЫҚ

№

Ақмола облысы, Целиноград ауданы,
Қосшы ауылы

ПРИКАЗ

№

Ақмолинская область, Целиноградский
район, пос. Косшы

**Құқық қорғау органдары академиясының
Ғылыми-білім беру қызметі сапасын
ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясатын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (бұдан әрі - Академия) Ғылыми кеңесінің 2019 жылғы 30 мамырдағы шешімінің негізінде, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 3 шілдедегі №89 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» мемлекеттік мекемесі Жарғысының 20-тармағының б) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ғылыми-білім беру қызметі сапасын ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясаты бекітілсін.
2. Осы бұйрықпен Академияның барлық қызметкерлері таныстырылсын.
3. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ректор

Е. Мерзадинов

**АКАДЕМИЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ПРИ
ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Ғылыми-білім беру қызметі сапасын
ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясат**

Косшы, 2019

Ғылыми-білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясат - Қосшы, 2019

Осы Саясат ғылыми-білім беру қызметінде пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының тыңдаушыларына, білім алушыларына, қызметкерлеріне, қызметшілеріне арналған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланды және бекітілді (2019 жылғы "30" мамыр №10 хаттама).

Ғылыми-білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясат

1. Жалпы Ережелер

1. Ғылыми-білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету саласындағы саясат (бұдан әрі - Саясат) - жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде (ESG) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ғылыми-білім беру қызметінің сапасы саласындағы ұйымның негізгі бағыттары мен мақсаттары.

2. Саясат ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша жалпы тәсілдерді, негізгі бағыттар мен қағидаттарды көрсетеді.

3. Осы саясатта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **білім беру сапасы** - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, біліктілік талаптарына және стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне сәйкес білім алушылардың кәсіптік даярлық деңгейін, сондай-ақ білім беру бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін білім беру қызметінің кешенді сипаттамасы;

2) **ғылыми зерттеудің сапасы** - ғылыми құндылықты, жаңалықты, перспективалықты, өзектілікті, қол жеткізілген нәтижелердің қойылған міндеттерге сәйкес келу дәрежесін білдіретін ғылыми-зерттеу қызметінің кешенді сипаттамасы;

3) **сапаны қамтамасыз ету** - білім беру мазмұнының, мүмкіндіктер мен құралдардың белгіленген мақсаттар мен талап етілетін сапа деңгейіне сәйкестігіне қол жеткізу үшін белгілі бір жағдайлар жасау процесі және қажетті ресурстарды қамтамасыз ету;

4) **сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі** - бұл Академияның ұйымдық құрылымының, ішкі құжаттаманың, көрсеткіштердің, үдерістер мен ресурстардың кәсіби және жеке өсуді үздіксіз жетілдіру мәдениетін үнемі арттыру және дамыту үшін қажетті жиынтығы;

5) **сапа мәдениеті** - Академияның барлық қызметкерлері бөлісетін сапа принциптеріне негізделген ұйымдастыру тәртібі.

Академияның сапа мәдениеті:

қызметкерлердің бойында "сапаның" бірыңғай түсінігін және сапа мәселесіне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

құрылымдық бөлімшелердің, әрбір қызметкердің және қызметкердің қызмет бабында жоғары сапаға қол жеткізу жолдарын түсінуі.

б) **стейкхолдерлер** - Академия қызметінің нәтижелілігіне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы).

Академияның ішкі стейкхолдерлеріне тыңдаушылар, магистранттар мен докторанттар, ғылыми-педагогикалық құрам, қызметкерлер, Академия қызметшілері жатады.

Академияның сыртқы стейкхолдерлеріне түлектер, мемлекеттік, құқық қорғау, заңнамалық органдар, Академияның серіктестері жатады.

7) **тәуекел-бағдарланған ойлау** – жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу қабілетіне әсер ететін көптеген тәуекелдерді (оң және теріс) басқару және бақылау үшін келісілген іс-шаралар мен әдістер кешенін жоспарлау және енгізу.

4. Саясат ғылыми зерттеулер, тәжірибе, оқыту арасындағы байланысты көрсетеді және ұлттық және жоғары оқу орны ішіндегі ғылыми-білім беру ортасын ескереді.

5. Саясат Академияның барлық бөлімшелерінің қатысуымен сапаны ішкі қамтамасыз ету процестері арқылы іске асырылады.

6. Саясат жұртшылыққа www.academy-gp.kz Академия сайтында қол жетімді.

7. Саясат ғылыми-білім беру қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

2. Саясаттың мақсаттары, бағыттары мен қағидаттары

8. Саясат Академияның даму стратегиясының бір бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен (Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары мен миссиясымен), сондай-ақ Академияның қызметін регламенттейтін құқықтық актілермен бірге жүзеге асырылады.

Саясат Академия миссиясына сәйкес келеді: үздік отандық дәстүрлер мен әлемдік тәжірибені ұштастыру негізінде оқыту және ғылым арқылы құқық қорғау қызметіне бірегей үлес қосу.

9. Саясаттың мақсаттары:

1) ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету қағидаттарын айқындау;

2) ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және жетілдіру;

3) өзара сенімді қолдау және ғылыми-білім беру қызметінің нәтижелерін тануға жәрдемдесу.

10. Саясаттың негізгі бағыттары:

1) ғылымдағы жетістіктер мен практиканың өзекті сұраныстарын ескере отырып, сапалы ғылыми-білім беру қызметтерін көрсету;

2) білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерді іске асыру сапасының мүдделі тараптардың өзгермелі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Академияның ғылыми-білім беру қызметін жетілдіру;

3) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қолдау және кәсіби дамыту;

4) Академияның тәрбие жұмысын дамыту;

5) Академияның ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту;

6) Академияның кадрлық әлеуетін дамыту;

7) Академия қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру және автоматтандыру;

8) Академия қызметкерлері (қызметшілері) мен білім алушыларын әлеуметтік қолдау, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау;

9) ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен ынтымақтастық;

10) Академияның қолайлы ортасын және материалдық-техникалық базасын дамыту.

11. Ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

1) Академия қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

2) Академия басшылығының стратегия, саясат бірлігін ұйымдастыруда, Академияның ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке барлық қызметкерлер мен қызметшілерді тартудағы жетекші рөлі, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

3) сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен күтулерін есепке алу, оларды ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке белсенді тарту;

4) Академияның тыңдаушыларға, білім алушыларға және ұжымға қатысты мүмкіндіктер мен әділдік теңдігін қамтамасыз етуі;

5) академиялық адалдық пен бостандықты, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген формаларына төзбеушілікті қолдау;

6) құрылымдық бөлімшелер басшыларының, Академия қызметкерлерінің процестер, сапа және стандарттар үшін жауапкершілігін нақты анықтау;

7) құрылымдық бөлімшелер басшыларының және Академия ұжымының үдерістік тәсілді және тәуекел-бағдарлы ойлауды қолдануы;

8) деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау, транспаренттілік және ұжымды шешімдер қабылдау процесіне тарту негізінде маңызды басқарушылық шешімдер қабылдау;

9) сапа мәдениетін дамыту мен сапасын қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін жағдай жасау;

10) сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылауды қолдану;

11) сапаны қамтамасыз етудің ішкі саясатын жүйелі негізде тұрақты қайта қарауды;

12) мүдделі тұлғалар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

3. Сапаны қамтамасыз етудегі жауапкершілік

12. Барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары Академияның құрылымдық бөлімшелері, алқалық органдары және лауазымдық (қызметтік) міндеттері туралы ережелерде көзделген функционал шеңберінде ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге және арттыруға жауапты болады.

4. Қорытынды ережелер

13. Осы құжатқа өзгерістер мен толықтырулар Академия Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.



БҰЙРЫҚ

№

Ақмола облысы, Целиноград ауданы,
Қосшы ауылы

ПРИКАЗ

№

Ақмолинская область, Целиноградский
район, пос. Косшы

**Об утверждении Политики в области внутреннего
обеспечения качества научно-образовательной
деятельности Академии правоохранительных органов**

На основании решения Ученого совета Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан (далее - Академия) от 30 мая 2019 года, руководствуясь подпунктом б) пункта 20 Устава государственного учреждения «Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан», утвержденного приказом Генерального Прокурора Республики Казахстан от 3 июля 2015 года № 89, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую Политику в области внутреннего обеспечения качества научно-образовательной деятельности Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан.
2. С приказом ознакомить всех сотрудников Академии.
3. Настоящий приказ вводится в действие со дня подписания.

Ректор

Е. Мерзудинов

**АКАДЕМИЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ПРИ ГЕНЕРАЛЬНОЙ
ПРОКУРАТУРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**ПОЛИТИКА
в области внутреннего обеспечения качества
научно-образовательной деятельности**

Косшы, 2019

Политика в области внутреннего обеспечения качества научно-образовательной деятельности – Косшы, 2019

Настоящая Политика предназначена для слушателей, обучающихся, сотрудников, работников Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан для использования в научно-образовательной деятельности.

Обсуждена и утверждена на заседании Ученого совета Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан (*протокол №10 от «30» мая 2019 года*).

Политика в области внутреннего обеспечения качества научно-образовательной деятельности

1. Общие Положения

1. Политика в области внутреннего обеспечения качества научно-образовательной деятельности (далее – Политика) - основные направления и цели организации в области качества научно-образовательной деятельности, основанные на международных стандартах и руководствах для обеспечения качества послевузовского образования в европейском пространстве высшего образования (ESG).

2. Политика отражает общие подходы, основные направления и принципы по обеспечению качества научно-образовательной деятельности и развития культуры непрерывного совершенствования качества.

3. В настоящей Политике используются следующие понятия:

1) качество образования - комплексная характеристика образовательной деятельности, выражающая степень профессиональной подготовки обучающихся в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования, квалификационными требованиями и потребностям стейкхолдеров, а также степень достижения планируемых целей и результатов образовательной программы;

2) качество научного исследования - комплексная характеристика научно-исследовательской деятельности, выражающая научную ценность, новизну, перспективность, актуальность, степень соответствия достигнутых результатов поставленной задаче;

3) обеспечение качества - процесс создания определенных условий и обеспечение необходимых ресурсов, для достижения соответствия содержания образования, возможностей и средств установленным целям и требуемому уровню качества;

4) внутренняя система обеспечения качества - это совокупность организационной структуры Академии, внутренней документации, показателей, процессов и ресурсов, необходимых для постоянного повышения качества и развития культуры непрерывного совершенствования профессионального и личностного роста;

5) культура качества - это организационный порядок, основанный на принципах качества, который разделяют все сотрудники Академии.

Культура качества Академии предусматривает:

формирование у сотрудников единого понимания «качества» и единого взгляда на проблему качества;

понимание структурными подразделениями, каждым сотрудником и работником путей достижения высокого качества в служебной деятельности.

б) стейкхолдер - лицо (или группа лиц), заинтересованное в результатах деятельности Академии.

К внутренним стейкхолдерам Академии относятся слушатели, магистранты и докторанты, научно-педагогический состав, сотрудники, работники Академии.

К внешним стейкхолдерам Академии относятся выпускники,

государственные, правоохранительные, законодательные органы, партнеры Академии.

7) риск-ориентированное мышление – планирование и внедрение комплекса согласованных мероприятий и методов для управления и контроля многочисленными рисками (положительными и отрицательными), влияющих на способность достижения запланированных целей.

4. Политика отражает связь между научными исследованиями, практикой, обучением и учитывает как национальную, так и внутривузовскую научно-образовательную среду.

5. Политика реализуется посредством процессов внутреннего обеспечения качества с участием всех подразделений Академии.

6. Политика доступна широкой общественности на сайте Академии www.academy-gp.kz.

7. Политика реализуется, контролируется и пересматривается в соответствии с требованиями, предъявляемыми к научно-образовательной деятельности.

2. Цели, направления и принципы Политики

8. Политика является частью Стратегии развития Академии и осуществляется вместе с другими документами (миссией и Планом мероприятий по реализации Стратегии), а также правовыми актами, регламентирующими деятельность Академии.

Политика соответствует Миссии Академии: внесение уникального вклада в правоохранительную деятельность через обучение и науку на основе сочетания лучших отечественных традиций и мирового опыта.

9. Цели Политики:

1) определение принципов обеспечения качества научно-образовательной деятельности;

2) обеспечение и совершенствование качества научно-образовательной деятельности;

3) поддержка взаимного доверия и содействие признанию результатов научно-образовательной деятельности.

10. Основные направления Политики:

1) оказание качественных научно-образовательных услуг с учетом актуальных запросов практики и достижений в науке;

2) совершенствование научно-образовательной деятельности Академии для обеспечения соответствия качества реализации образовательных программ и научных исследований изменяющимся требованиям заинтересованных сторон;

3) поддержка и профессиональное развитие сотрудников правоохранительных органов;

4) развитие воспитательной работы Академии;

5) развитие научно-исследовательской работы Академии;

6) развитие кадрового потенциала Академии;

7) информатизация и автоматизация основных направлений деятельности Академии;

8) социальная поддержка сотрудников (работников) и обучающихся

Академии, защита их здоровья и безопасности;

9) сотрудничество с национальными и зарубежными ВУЗами и научно-исследовательскими учреждениями;

10) развитие благоприятной среды и материально-технической базы Академии.

11. Основные принципы обеспечения качества научно-образовательной деятельности:

1) соответствие деятельности Академии требованиям законодательства Республики Казахстан;

2) лидирующая роль руководства Академии в организации единства стратегии, политики, вовлечения всех сотрудников и работников в деятельность по обеспечению и повышению качества научно-образовательной деятельности Академии, обеспечение необходимыми ресурсами;

3) учет потребностей и ожиданий внешних и внутренних стейкхолдеров, активное их вовлечение в деятельность по обеспечению и повышению качества научно-образовательной деятельности;

4) обеспечение Академией равенства возможностей и справедливости по отношению к слушателям, обучающимся и коллективу;

5) поддержание академической честности и свободы, нетерпимости к любым формам проявления коррупции и дискриминации;

6) четкое определение ответственности руководства структурных подразделений, сотрудников Академии за процессы, качество и стандарты;

7) применение руководством структурных подразделений и коллективом Академии процессного подхода и риск-ориентированного мышления;

8) принятие важных управленческих решений на основе всестороннего анализа данных и информации, транспарентности и вовлечения коллектива в процесс принятия решений;

9) создание условий для непрерывного совершенствования системы обеспечения качества и развития культуры качества;

10) применение внешнего и внутреннего независимого контроля;

11) обеспечение регулярного на системной основе пересмотра внутренней политики обеспечения качества;

12) обеспечение прозрачности и доступности информации для заинтересованных лиц.

3. Ответственность за обеспечение качества

12. Руководители всех структурных подразделений несут ответственность за обеспечение и повышение качества научно-образовательной деятельности в рамках функционала, предусмотренного Положениями о структурных подразделениях, коллегиальных органах Академии и должностных (служебных) обязанностях.

4. Заключительные положения

13. Изменения и дополнения в настоящий документ вносятся на основании решения Ученого совета Академии.